

## Балтабай селолық округіндегі Ақтоғай және Ақбастау селосы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Балтабай селолық округі әкімінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 80 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 21 шілдеде N 2-8-115 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабын, Еңбекшіқазақ аудандық ономастика кеңесінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 4 келісімін және ауыл тұрғындарының 2007 жылғы 3 сәуірдегі N 4 және 4 сәуірдегі N 5 хаттамаларын және тұрғындар өтінішін басшылыққа алып, округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ақтоғай селосындағы:  
"Мичурин" атындағы көшенің атауы "Береке";  
"Центральная" атындағы көшенің атауы "Хызмет Абдуллин";  
"Жаңақұрылыс" атындағы көшенің атауы "Самал" атындағы көшесі деп;  
2. Ақбастау селосындағы:  
"Мир" атындағы көшенің атауы "Бейбітшілік";  
"Садовая" атындағы көшенің атауы "Алмалы" атындағы көшесі деп өзгертілсін.
2. Тиісті қызмет көрсететін мемлекеттік, мемлекеттік емес мекемелерге Балтабай ауылындағы атауы өзгертілген көшелер таныстырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау, округ әкімінің орынбасары Сауле Базарбайқызы Алиповаға жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Округ әкімі

Н. Тайсариев